

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 15 қаңтар

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Рахметова Әсем Қалашбайқызына беріледі.

РАХМЕТОВА Ә.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгін сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы біліктіліктерді тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

2011 жылғы 26 қарашада Токиода қол қойылған конвенция Азия-Тынық мұхиты аймағында жоғары білім саласындағы біліктіліктерді тану саласындағы ынтымақтастықты орнатуға бағытталған. ЮНЕСКО шеңберінде әзірленген конвенция аясында дипломдар, академиялық дәрежелер мен өзге де біліктіліктерді тану рәсімін жеңілдету, оларды бағалауда ашықтық пен әділеттілікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өңір елдері арасындағы академиялық және кәсіби ұтқырлықты кеңейту мақсат етілген.

Токио конвенциясына Ауғанстан, Армения, Австралия, Қытай, Фиджи, Қасиетті Тақ, Жапония, Моңғолия, Жаңа Зеландия, Корея Республикасы, Ресей және Түркия сияқты он екі мемлекет кіреді.

Заң ережелері бойынша конвенциясын ратификациялау оған қатысушы елдердің жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану жөніндегі ұлттық ақпараттық орталықтарының аймақтық желісіне (APNNIC) кіруді көздейді. Аталған портал студенттер мен оқытушылардың физикалық немесе виртуалды ұтқырлығын ілгерілету үшін біліктіліктерді тану туралы ақпарат ұсынып отырады. Бұл ортақ желі арқылы шетелдік дипломдардың түпнұсқалығын растау, жоғары білім беру жүйесінің сапасы мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ оларды тану рәсімі үшін қажетті мәліметтерді қамтамасыз ету мәселелері бойынша жедел ақпарат алмасуға жағдай жасалынған.

Конвенцияға қосылу азаматтарымыздың дипломдары мен біліктіліктерін Азия-Тынық мұхиты өңірі елдерінде танытуға, студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильдік мүмкіндіктерін жеңілдетуге, ұлттық білім жүйесінің тартымдылығын арттыруға, азаматтардың шетелде кәсібі бойынша жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

Конвенцияны ратификациялау кезінде Қазақстан Республикасы бейресми оқу үлгілері арқылы алынған біліктіліктер мен ішінара оқу курстарын тануға қатысты 4-баптың 7-тармағына, 5-баптың 1, 2-тармақтарына, 6-баптың 3-тармағына, 8-баптың 4-тармағына ескертпе жасайды.

Токио конвенциясына қосылу Қазақстан мен бүкіл Орталық Азиядағы білім беруді дамыту жолындағы маңызды қадам.

Бұл құжат тұрақты дамудың № 4 «Сапалы білім беру» мақсатына қол жеткізуге, барлығының білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге және ЮНЕСКО-ның «Білім беру-2030» күн тәртібін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Заңның қабылдануы теріс саяси, құқықтық, қаржы-экономикалық және өзге де салдарларға алып келмейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің және Сенат Аппаратының заң бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандардың негізінде Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес Мәжіліс қабылдаған «Қазақстан Республикасының жоғары білім беру саласындағы біліктіліктерді тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?  
Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкіліне.

Қазіргі таңда Қазақстанда шетелдік дипломдарды тану (нострификациялау) рәсімінде бірқатар өзекті мәселелер бар. Соның ішінде құжаттарды қарау мерзімдерінің ұзақтығы, сондай-ақ кейбір шет мемлекеттердің білім туралы құжаттарының түпнұсқасын растауда туындайтын қиындықтар ерекше назар аудартып отыр. Осы тұрғыда қарастырылып отырған Токио конвенциясы аталған проблемаларды шешудің белгілі бір

тетіктерін ұсынып отырғаны мәлім. Атап айтқанда, конвенцияның 3-бабының 3-тармағына сәйкес тараптар өздерінің білім беру жүйесіне кіретін барлық білім беру ұйымдары туралы ақпаратты ақылға қонымды мерзімде ұсыну жөнінде негізделген сұрауларды қанағаттандыруға міндеттеме алып отыр. Алайда «ақылға қонымды мерзім» ұғымы әрбір мемлекеттерде әр түрлі түсіндірілуі мүмкін. Бұл мерзім бір аптадан бірнеше айға дейін созылуы ықтимал. Осыған байланысты келесі мәселелерді нақтылап беруіңізді сұраймын.

Бірінші сұрақ. Осы конвенцияға қатысушы мемлекеттерде сұрауларға жауап берудің нақты белгіленген ең жоғарғы мерзімдері бар ма? Егер болса, ол қандай?

Екінші сұрақ. Токио конвенциясын ратификациялау біліктілікті бағалау мақсатында ақпарат беру жөніндегі сұрауларды қарау мерзімдерін қысқартуға нақты әсерін тигізе ала ма?

Осы мәселелерді айтсаңыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Ғылым және жоғары білім вице-министрі Ешенқұлов Талғат Илиясұлы, жауап беріңіз.

ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. Рақмет.

Бұл конвенцияны ратификациялаған жағдай жөнінде айтсақ, расында да конвенцияның өзінің мәтінінде шекті мерзімдер қойылмаған, бірақ конвенцияның талаптарына сай қатысушы әр мемлекет өзінің ішкі заңнамасымен бұл мерзімдерді бекітуі тиіс. Бүгінгі таңда бізде бұл мерзім 45 күнді құрайды. Біз оны 4 айдан 45 күнге дейін қысқартқанбыз. Енді дәл сол 45 күнді тағы да кемі екі есеге қысқартуды жоспарлап отырмыз. Конвенция ратификациядан өткен жағдайда біз ішкі құжаттарымызға сондай тиісті өзгерістер енгізетін боламыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым да Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкіліне.

Токио конвенциясын ратификациялау қазақстандық дипломдардың халықаралық деңгейде танылуын қамтамасыз етеді, осылайша отандық жоғары білім беру жүйесінің жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сонымен қатар бұл шешім ұлттық жоғары оқу орындары үшін қосымша талаптар мен міндеттемелер қояды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда 127 жоғары оқу орны жұмыс істейді, оның 58-і жекеменшік. Елде шамамен 31 мың 500 шетелдік студент білім алуда. Президент бұл көрсеткішті 2029 жылға қарай 100 мыңға жеткізу мақсатын қойды. Олардың саны артқан сайын білім беру мекемелерінің жалпы табысы да артатыны анық. Есептеулер бойынша орташа халықаралық студент ел экономикасына жылына 8 мыңнан 20 мың долларға дейін үлес қосады, ал шетелдік азаматтар үшін оқу ақысы әдетте жоғары. Осыған байланысты министрлік тарапынан отандық университеттерді халықаралық аренада барынша ілгерілету

және коммерцияландыру, сондай-ақ халықаралық студенттер ағынын арттыру мақсатында қандай нақты шаралар көзделген? Рақмет.

ТӨРАҒА. Талғат Ілиясұлы, жауап беріңіз.

ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. Рақмет.

Елімізге шетелдік студенттерді тарту мәселесі министрліктің стратегиялық жоспарларына енгізілген. Біздің алдымызға қойып отырған үлкен мақсат – осы өңірде білім академиялық хабын құру. Сондықтан бүгінгі таңда барлық жоғары оқу орындарының даму стратегияларының ішінде шетелдік студенттердің үлесін 7 пайыз деп көрсеткенбіз, сол үлесті көтеру жоспарланып отыр. Оған конвенцияның ратификациялануы өте көп көмек береді.

Екіншіден, барлық жоғары оқу орындарына шет мемлекеттерден келетін студенттердің талаптарына сай солардың кері қайтып өз елдерінде жұмыстарын жалғастыруы үшін мүмкіндіктер берілген. Олардың бірі – академиялық еркіндік, яғни оқу бағдарламаларының барлығы осы сұранысқа сай жоспарланатын болады.

Үшіншіден, шет мемлекеттерден келетін жоғары рейтингідегі жоғары оқу орындарының барлығының еліміздегі бүгінгі таңда жұмыс жасап отырған жоғары оқу орындарымен әріптестік орнатуына біз ықпал жасап жатырмыз. Бүгінгі күні 33 жоғары оқу орнының филиалы осында жұмысын атқаруда, жылдың аяғына дейін тағы да бірнеше жоғары оқу орнын шақырамыз деген ойдамыз.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің де сұрағым Талғат Ілиясұлына.

Біздің білуімізше қазіргі таңда шетелдік біліктілік құжатын нострификациялау процедурасы оқу орнының растау хатын күтуге тәуелді бола отырып, ұзақ мерзімге созылуы мүмкін деген болжам бар. Сұрақтар осыған байланысты.

Шетелдік ақпараттық орталықтармен сәйкестендіру нәтижесінде нострификациялау мемлекеттік қызметін көрсету мерзімінің қаншалықты қысқаруы күтілуде?

Бүгінге дейін азаматтардың дипломдарының оқу орындарымен расталмауы салдарынан жарамсыз болған жағдайлары болды ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Талғат Ілиясұлы, жауап беріңіз.

ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. Рақмет.

Расында да бұл өте өзекті сұрақ. Бізде шет мемлекеттен білім алып келген азаматтардың құжаттарын нострификациядан өткізу, яғни тану процесін жүргізу барысында негізгі талаптардың бірі – дипломдарының расталуын қамтамасыз ету.

Біз бүгінгі күнге дейін осы өңірдегі университеттердің барлығымен хат алмасу арқылы бұны растап келеміз. Токио өңірлік конвенциясы ратификациядан өткен жағдайда

бұл бізге үлкен мүмкіндік береді. Осы қатысушы мемлекеттердің барлығының үлкен базасынан мәліметті тікелей алу мерзімді едәуір қысқартады.

Екіншіден, дипломдарды растау барысында көп жағдайларда дипломдар расталмай жатады, шамамен алғанда 2025 жылдың есебі бойынша бізде 49 диплом расталмады. Алдыңғы жылы 59 болған, соңғы үш жылда 131 диплом расталмады.

Токио өңірлік конвенциясының негізгі бізге беретін үлкен бір мүмкіндігі – осындай мәселелерге жол бермеу.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қаниев Бауыржан Нұралыұлына беріледі.

ҚАНИЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің өкіліне.

Қазіргі уақытта шетелдік дипломдарды тану процесі бірнеше ведомстволар арқылы жүзеге асырылады, бұл азаматтарға қолайсыздықтар туғызады. Конвенция шеңберінде ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету және біліктілікті тануды жеңілдету үшін бірыңғай цифрлық жүйені құру өзекті болып табылады. Менің сұрақтарым осыған байланысты.

Министрлік танылған шетелдік дипломдар мен білім беру бағдарламалары туралы деректерді қамтитын бірыңғай цифрлық портал құруды жоспарлап отыр ма?

Дипломдарды онлайн тексеру және растау мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін осы порталдың UNESCO Tokyo Convention Network сияқты халықаралық жүйелермен интеграциясы қарастырыла ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Талғат Ілиясұлы, жауап беріңіз.

ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. Рақмет.

Бұл сұрақ өте өзекті болды, біз бұл конвенцияны ең алғашқы кезде ратификациялауға дайындау барысында қойылған негізгі үлкен міндеттердің бірі болды. Бүгінгі таңда шетелден оқып келіп нострификациядан өткен дипломдардың барлығын біз қазір өз күшімізбен цифрландырып, копияларын жасап дайындап жатырмыз. Бұл база бізде құрылатын болады, министрліктің жанында жоғары білім орталығы жұмыс жасайды. Сол орталық негізгі оператор болады.

Бүкіл цифрландырылудан өткен құжаттардың барлығының үлкен базасы біздің министрліктің негізгі деректер қорына тікелей интеграцияланатын болады. Бұндай жоспарымыз бар. Ал басқа да шет мемлекеттердегі үлкен базаларға біз тікелей интеграция жасамаймыз, бірақ бізге сол базалардан мәлімет алу мүмкіндігі берілетін болады. Бұл осы нострификация өткізу мерзімін едәуір қысқартады және сапасын арттыратын болады.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Әсем Қалашбайқызы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Заңның негізгі міндеттері мен мақсаттары жайлы әріптесім Әсем Қалашбайқызы баяндап берді.

Қаралып отырған конвенция академиялық және кәсіби мобильділікті кеңейтуге, дипломдар, дәрежелер мен өзге де біліктіліктерді тануды жеңілдетуге, сондай-ақ оларды бағалауда ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан конвенцияға қосылуы арқылы:

біздің азаматтардың дипломдары мен біліктіліктерін Азия-Тынық мұхиты аймағы елдерінде тануды едәуір жеңілдетуге;

студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильділік мүмкіндіктерін кеңейтуге;

ұлттық білім беру жүйесіне халықаралық сенімді арттыруға;

азаматтардың шетелде жұмысқа орналасуы кезінде құқықтарын қорғаудың қосымша кепілдіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта біліктілікті тану процесінде бірқатар шетелдік білім беру ұйымдарымен кері байланыс жоқ. Олардан дипломдардың түпнұсқалығын растау, сондай-ақ шетелдік білім беру ұйымдарының аккредиттеу мәртебесін белгілеу үшін ресми жауап талап етіледі.

Көп жағдайда Қытай, Моңғолия, Корея Республикасы, Жапония сияқты елдердің оқу орындары мен құзырлы органдарына ақпарат беру қиынға соғып отырған жағдайлар бар екені өздеріңізге белгілі. Сондықтан қаралып отырған біліктіліктерді тану жөніндегі Токио конвенциясы Қазақстан білімінің болашағы үшін тек құқықтық емес, сонымен қатар стратегиялық маңызы бар құжат болып табылады.

Құрметті әріптестер, мен аталған заңды қолдаймын және сіздерді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған құжат тараптар арасында жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытуды көздейді. Атап айтқанда, конвенцияның ережелері оған қол қойған елдер арасында біліктіліктің ашық және уақытылы бағалануын қамтамасыз етуге бағытталған.

Заңның мақұлданыуы мүше мемлекеттер арасында серіктестікті одан әрі нығайтуға, сондай-ақ еліміздің білім беру жүйесінің беделін арттыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы.

Өздеріңізге белгілі, регламентке сәйкес конституциялық заңдар палаталардың бірлескен отырысында қабылданады. Палаталардың әрқайсысы бірлескен отырысқа дейін комиссияның құрамына енетін кандидатураларды және қосымша баяндама жасаушыны анықтауы қажет. Осыған байланысты Сенаттың тиісті қаулысының жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, ұсынылған кандидатуралар бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Президент ауыл әкімдерінің платформасында сөйлеген сөзінде төртінші деңгейдегі бюджеттердің дербестігін арттыру қажеттігін атап өтті. Мемлекет басшысы әкімдердің жауапкершілігін күшейту тиісті қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс екенін тікелей көрсетті. «Қай жерде жұмыс істесең, сол жерде төле» қағидаты бюджеттік әділдіктің негізіне айналуы тиіс.

Статистикаға сүйенсек, жалпы 2018 жылдан бастап төртінші деңгейдегі бюджетті енгізу сәтінен бастап оның кірістерінің оң динамикасы байқалады. 2018 жылғы 129,2 миллиард теңгеден 2024 жылы 379,9 миллиард теңгеге дейін өсті. Меншікті кірістер 32 миллиард теңгеден 112 миллиард теңгеге дейін, ал өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 24,9 пайыздан 30 пайызға дейін артты. Алайда мұндай өсімге қарамастан ауылдық округтердің бюджеттері трансферттерге тәуелді болып қалуда. 2020 жылы 252 миллиард теңге түсімнің 34 миллиард теңгеге жуығы ғана меншікті кірістер болса, 218 миллиард теңгесі трансферттерге тиесілі болды. 2025 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 427 миллиард теңге түсім жоспарланған кезде 402 миллиард теңге ғана атқарылды. Бұл тапшылықтың сақталып отырғанын көрсетеді.

Бүгінде ауыл әкімдеріне 19 функция берілді. Бірақ міндеттемелердің берілуі нақты қаржылық ресурстармен бекітілмеген. Функциялар ресурстарға қарағанда тезірек берілуде. Бұл халықтың әкімдердің сайланбалылығы институтына деген сеніміне нұқсан келтіруде.

Үкіметке қазірдің өзінде батыл іс-қимылдарға көшу қажет. Кірістерді бөлудің қазіргі моделі өзін-өзі сарқығанын мойындау керек. Өңірлерді «асырау» саясатынан оларды

«қаржылық ынталандыру» саясатына көшіретін уақыт келді. Мұнда жиналған әрбір теңге сол табыс түскен аумақтың дамуына жұмыс істеуі тиіс.

Өкілді билік мәселесі де шешуді талап етеді. Заңда «жергілікті қоғамдастық» ұғымы бар, бірақ тұрғындарда бюджетті бақылаудың нақты механизмі жоқ. Сондай-ақ елді мекендердің мәртебесін, олардың перспективалылығының критерийлерін және біріктірудің ашық ережелерін заңнамалық түрде бекіту қажет. Сонымен қатар ауыл әкімдері әлі күнге дейін мемлекеттік деректер базасына қол жеткізе алмай отыр. Ал заңды тұлғалардың мүлкін қайта бағалаусыз біз кірістердің шынайы бейнесін көре алмаймыз.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Үкіметтен келесіні сұраймыз:

ауылдық округ әкімдерінің қызметіне толық функционалдық талдау жүргізуді жеделдету;

бюджеттің төртінші деңгейінің кірістерін реттеу бөлігінде жаңа Бюджет және Салық кодекстерін қолдануға кешенді мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;

талдау аяқталғаннан және бюджеттік цикл өткеннен кейін ауылдық округтердің қаржылық дербестігін одан әрі арттыру бойынша ұсыныстар беру;

экологиялық төлемдер мен табиғи ресурс алымдарының бір бөлігін жергілікті деңгейге аудару механизмін пысықтау және іс жүзінде ауылдық округтердің аумағында қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін «салықты жұмыс істейтін жерінде төле» қағидатын іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз ету;

шағын және орта бизнес субъектілерінен түсетін корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы түсімдерінің бір бөлігін олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуді және өңіраралық теңсіздікті теңестіруді ескере отырып, төртінші деңгейдегі бюджеттерге кезең-кезеңімен беру мүмкіндігін қарастыру;

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «елді мекен» ұғымын, сондай-ақ елді мекендерді аз қоныстанған және перспективасыз елді мекендерге жатқызу критерийлерін және халықтың құқықтары мен мүдделерін сақтай отырып, оларды көршілес әкімшілік бірліктермен біріктіру тәртібін заңнамалық түрде бекіту мәселесін қарастыру;

халықтың төртінші деңгейдегі бюджетті қалыптастыруға, бекітуге және оның атқарылуын бақылауға қатысуын қамтамасыз ететін, оның мәртебесін, өкілеттіктерін және әкімдермен өзара іс-қимыл тәртібін айқындай отырып, ауылдық округтер деңгейінде жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органын құру мәселесін пысықтау;

салық салу үшін деректерді өзектендіру және олардың экономикалық әлеуетін дұрыс көрсету мақсатында ауылдық округтердің аумағындағы заңды тұлғалардың мүлкіне қайта бағалау жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл әкімдіктеріне өкілеттіктерді жедел орындау және негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті мемлекеттік деректер базасына қолжетімділік беру;

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын ескере отырып, ауылдық округтерде бизнесті дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу мүмкіндігін қарастыру.

Әрбір тармақтың егжей-тегжейлі негіздемесі бар депутаттық сауалдың толық мәтіні Үкіметке ресми түрде жолданатын болады.

Депутаттық сауалға заңға сәйкес толық жазбаша жауап беруіңіз сұралады.

Құрметпен депутаттар Б. Орынбасаров, О. Перепечина, С. Мәкежанов, Ә. Бектаев, С. Алдашев, Н. Жүсіп, С. Карплюк, Е. Больгерт, С. Шайдаров, А. Арғынбекова, О. Булавкина, Б. Орынбеков, Н. Бекенов, С. Өтешов, А. Есбай, Т. Жүнісов, А. Қапбарова, А. Нухұлы, Ә. Рахметова, С. Арубаев, С. Дүйсембинов, Ж. Жөргенбаев, З. Кузиев, А. Өтегұлов, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских, Н. Байқадамов». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Институт арбитража создавался как эффективный инструмент разгрузки судебной системы. Однако, согласно данным информационной системы «Төрелік», за 2023 – 2025 годы в суды поступило 2 844 ходатайства об отмене арбитражных решений.

Анализ правоприменительной практики изобилует фактами злоупотреблений. В частности, гражданам все еще навязываются арбитражные оговорки через типовые договоры присоединения, решения выносятся аффилированными «карманными» арбитрами, часто не имеющими юридического образования или даже ранее судимыми. Эти решения принимаются подчас заочно, без надлежащего уведомления сторон или с прямым отказом в отводе предвзятых арбитров, что позволяет взыскивать суммы, в разы превышающие основной долг, и узнавать о них лишь на стадии исполнительного производства. Отдельные арбитражи используют наименования, имитирующие государственные суды.

Несмотря на введенный в 2024 году очень важный запрет на споры по кредитам, граждане все еще остаются уязвимыми в других сферах, например, риэлтерские и сервисные услуги по обслуживанию жилых комплексов. «Слабая» сторона договора зачастую не обладает ресурсами для защиты в коммерческом арбитраже.

Ключевая проблема кроется в несовершенстве регулирования и отсутствии действенных фильтров против недобросовестных участников рынка.

В связи с этим считаем необходимым:

для повышения компетентности и ответственности арбитров ввести дополнительные квалификационные требования, включая обязательное прохождение специального обучения;

рассмотреть целесообразность введения института обязательного страхования профессиональной ответственности постоянно действующих арбитражей перед сторонами спора в случае вынесения решений, отмененных судом вследствие процессуальных нарушений;

в целях исключения конфликта интересов усилить институт отвода арбитров, предоставив сторонам право обращаться в государственный суд для принятия окончательного решения по отводу арбитра в случае отказа самого арбитража;

законодательно приравнять наличие аффилированности арбитра со стороной спора к нарушению публичного порядка Республики Казахстан, что станет безусловным основанием для отмены решения;

закрепить законодательные требования, исключающие возможность использования вводящих в заблуждение наименований, например, содержащих слово «суд»;

рассмотреть вопрос распространения на другие арбитрабельные сферы нормы, согласно которой арбитражное соглашение о разрешении споров по договору присоединения действительно, если такое соглашение заключено после возникновения оснований для предъявления иска;

для соблюдения процессуальной дисциплины привести нормы об уведомлении сторон в соответствии с международной практикой, исключив возможность уклонения недобросовестных должников от получения уведомлений, но при этом обеспечив жесткий судебный контроль за фактом надлежащего направления извещений по последнему известному месту жительства.

Полагаем, что предложенные меры будут способствовать развитию арбитража как эффективного института альтернативного разрешения споров.

О результатах рассмотрения депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, члены Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам Е. Больгерт, Н. Бекназаров, Ж. Асанова, Н. Байкадамов, М. Кадырбек, М. Кожаев, С. Медебаев, К. Тастекеев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтеғұлов Арман Кәрімұлына беріледі.

ӨТЕҒҰЛОВ А.К. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! В условиях роста трансграничных эпизоотических и зоонозных угроз, а также расширения экспортных рынков животноводческой продукции состояние научной инфраструктуры ветеринарной отрасли приобретает критическое значение.

Казахский научно-исследовательский ветеринарный институт (КазНИВИ) является ключевым элементом национальной системы биологической и эпизоотической безопасности. Без его научного сопровождения невозможно устойчивое функционирование ветеринарной службы и подтверждение международных статусов Республики Казахстан.

Данная позиция была подтверждена в ходе недавнего «правительственного часа» по вопросам состояния и перспектив развития ветеринарной службы, где подчеркивалось, что без сильной научной базы любые реформы в отрасли теряют практический смысл. По своей сути, КазНИВИ выполняет функцию научного координатора ветеринарной системы страны. Институт, основанный в 1905 году, на протяжении более века формировал научные школы, разрабатывал стратегии борьбы с особо опасными заболеваниями животных и обеспечивал научное обоснование санитарных мер, напрямую влияющих на продовольственную безопасность и здоровье населения.

КазНИВИ относится к особо важным стратегическим объектам, подлежащим государственной охране, аккредитован по международным стандартам, является держателем республиканской коллекции микроорганизмов и курирует природные очаги особо опасных зоонозных инфекций. На его базе формируются доказательные материалы для получения и подтверждения международных эпизоотических статусов страны.

Международный опыт свидетельствует, что в странах с развитым аграрным сектором и высоким экспортным потенциалом, ключевые ветеринарные научные институты и референс-лаборатории находятся в прямом подчинении профильных министерств и выполняют функции научного, методологического и экспертного сопровождения государственной ветеринарной политики. Такое институциональное устройство позволяет обеспечить оперативную реакцию на биологические угрозы, признание эпизоотических статусов и доверие со стороны международных торговых партнеров.

В этой связи нахождение КазНИВИ в структуре Национального холдинга «QazBioPharm» является институционально не соответствующим его функциям и требует пересмотра с передачей института в ведение Министерства сельского хозяйства.

Несмотря на стратегическое значение института, в отношении КазНИВИ реализуются решения, фактически ведущие к его демонтажу. Территория института сокращена с 40 до 3,5 гектара, он утратил право собственности и вынужден арендовать собственную историческую землю.

По утвержденному Генеральному плану города Алматы предусмотрено изъятие оставшейся территории КазНИВИ под жилищную застройку, что означает фактическое уничтожение уникального научного комплекса закрытого типа, восстановление которого в иных условиях невозможно.

Следует особо отметить, что на территории института исторически осуществлялись работы с возбудителями особо опасных инфекций. Любые действия по сносу или застройке без комплексной государственной экспертизы создают неприемлемые риски биологического и санитарно-эпидемиологического характера.

Фактически под застройку выводится объект, обеспечивающий научное сопровождение ветеринарной службы всей страны, что прямо противоречит заявленным государственным приоритетам в сфере биологической и продовольственной безопасности.

В этой связи просим Правительство Республики Казахстан:

- 1) приостановить любые решения, связанные с изъятием и застройкой территории КазНИВИ;
- 2) провести правовую и финансово-экономическую проверку законности отчуждения земель стратегического объекта;
- 3) рассмотреть вывод КазНИВИ из структуры холдинга «QazBioPharm» и передачу в прямое ведение Министерства сельского хозяйства;
- 4) обеспечить возврат прав на земельные участки и сохранение института как единого научно-производственного комплекса.

Сохранение и институциональное укрепление КазНИВИ является необходимым условием обеспечения биологической безопасности, устойчивого развития животноводства и защиты долгосрочных национальных интересов Республики Казахстан. Принятие

решений, ведущих к ослаблению либо утрате данного научного потенциала, создает системные риски, последствия которых будут носить необратимый характер.

С уважением, депутаты Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлендіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Бектенов Олжас Абайұлына.

«Құрметті Олжас Абайұлы! 2025 жылғы желтоқсан айында Сенатта ветеринариялық қызмет бойынша «үкімет сағаты» отырысы өткізілді. Біз Сенат депутаттары өңірлерге барып, осы саладағы мәселелермен таныстық.

2025 жылғы маусымда Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің бұйрығымен монополияға қарсы органның қорытынды беру қағидалары бекітілді.

Бұл қағидалар нарықта саланың бәсекелестігін бағалауға, қолданылатын басқа рәсімдерді реттеуге арналған. Алайда белгілі бір қызмет түрлері тікелей арнайы салалық заңдардың нормаларымен мемлекетке ерекше функция ретінде бекітілгені қағидаларда ескерілмеген, жеке субъектілердің орындауға тыйым салынған рәсімдері бәсекелес қызмет ретінде қарастырылған. Нәтижесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың жалпы нормалары мен санитарлық-эпидемиологиялық, ветеринарлық, биологиялық және азық-түлік қауіпсіздігін реттейтін арнайы заңдар арасында құқықтық қайшылықтар туындаған. Атап айтсақ, «Ветеринария туралы» Заңның нормаларына сәйкес жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы және экзотикалық ауруларының профилактикасы, клиникалық тексерулер, індет ошақтарын жою, эпизоотиялық іс-шаралар ветеринария саласындағы уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатады.

Бүгінгі күні аса қауіпті ауруларға қарсы іс-шараларды ветеринариялық станциялар жүзеге асырады. Осы жүйеге бюджет қаражаты салынған, өңірлердің биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін инфрақұрылым мен материалдық-техникалық база құрылған. Ал аса қауіпті аурулар бойынша функцияларды жеке жеткізушілерге беру басқару жүйесінің тұтастығын бұзады, мониторинг тиімділігін төмендетеді, қателіктер мен кешігулер қауіпін арттырады және жедел әрекет ету мүмкіндігін әлсіретеді.

Сонымен қатар уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу конкурсын өткізу үшін қағидаға сәйкес қорытынды алуы керек. Ал қағида мазмұнын құзырлы органдар әртүрлі түсінуде: 8 облыс өз қорытындысын берсе, 12 өңір қорытындысын бермеуде. Сатып алу рәсімдерінің осы бойынша созылуы сібір жарасы, аусыл, бруцеллез, туберкулез, құтыру, эмкар сияқты аса қауіпті ауруларға, төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін.

Дамыған шетелдерде аса қауіпті ауруларды бақылау функциялары тек мемлекеттік ветеринариялық қызметтер арқылы жүзеге асырылады, ал жеке сектор қосалқы қызмет көрсету функцияларымен шектеледі.

Біріккен Ұлттардың Азық түлік және ауылшаруашылық ұйымы мен Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымы бұл жүйеге қатаң бақылау жүргізуді тек мемлекеттік функция ретінде тануда.

Құрметті Олжас Абайұлы! Осыған байланысты:

бәсекелестікті қорғау органдарының осы салада қорытынды беру қағидаларын бірізділікке келтіру арқылы мемлекеттік сатып алуды санитариялық-эпидемиологиялық, ветеринариялық, биологиялық және азық-түлік қауіпсіздігін реттейтін арнайы заңдарға сәйкес өткізуге жедел ықпал етуіңізді;

заңнама деңгейінде қалыптасқан құқықтық қайшылықтарды жойып, жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу, диагностикасы мен бірдейлендірілуіне қатысты қызметтерді және өзге де мемлекеттік ветеринариялық функцияларды бәсекелестік негізде сатып алуға жатпайтын, мемлекеттің айрықша құзыретіне кіретін қызметтер ретінде қайта бекітуді;

Үкімет деңгейінде аса қауіпті аурулар бойынша көрсетілетін қызметтерді ұлттық қауіпсіздік қызметтері қатарына жатқызып, салалық заңдармен бекітілген мемлекеттік функцияларға тиісті құқықтық басымдық беруді, мемлекеттік ветеринариялық функциялардың тізбесін, орындау тәртібін қайта қарауды, ветеринариялық станциялардың мәртебесін одан әрі күшейтуді, бірыңғай мемлекеттік эпизоотиялық тетік қалыптастыруды сұраймыз.

Сізге депутаттық сауалдың толық мәтіні жолданады және оны қарау бойынша заңда белгіленген мерзімде жауап күтеміз.

Құрметпен Сенат депутаттары Ф. Сарыбаев, С. Арубаев, С. Дүйсембинов, С. Ершов, А. Есбай, Б. Жексенбай, Ж. Жөргенбаев, З. Кузиев, М. Қожаев, Д. Қыдырәлі, А. Нұғманов, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысы Олжас Абайұлы Бектеновке жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Қазіргі таңда әлеуметтік желілер тек ақпарат алмасу алаңы ғана емес, қоғамның санасына тікелей ықпал ететін қуатты құралға айналды. Соңғы жылдары әлеуметтік желілер арқылы таралатын жарнамалардың саны ғана емес, оның агрессивті сипаты да шектен шығып барады. Әсіресе блогерлер, инфлюенсерлер, өнер мен спорт саласындағы танымал тұлғалар арқылы таралатын жарнамалар азаматтардың қаржылық шешімдеріне, тұтынушылық таңдауларына, тіпті денсаулығына тікелей әсер етіп отыр. Соның салдарынан соңғы уақытта қаржылық пирамидаларға алданып қалған, сапасыз әрі жалған өнім сатып алған, заңсыз инвестициялық және құрылыс жобаларына қаржы құйып, барынан айырылған азаматтардың саны айтарлықтай артты.

Бұл жерде ерекше алаңдататын жайт – жарнамадан пайда көріп отырған тараптар бар да, ал барлық тәуекел мен зардап қарапайым халықтың мойнына артылып отыр. Жарнама беруші де, оны миллиондаған аудиторияға таратқан блогер де табыс табады. Ал алданған, денсаулығынан немесе қаржысынан айырылған азамат жалғыз қалады.

Екінші бір күрделі мәселе – әлеуметтік желілерде азаматтардың еркінен тыс есірткіге, жезөкшелікке, онлайн-казиноға, порнографиялық сипаттағы контентке немесе жасанды интеллект арқылы танымал тұлғалардың бейнесімен акция сату сынды жарнамалардың шыға беруі. Әлеуметтік желіде бір рилс көріп отырған адам аяқ астынан осындай контентке тап болады. Мұндай жағдайда мемлекет жүргізіп жатқан алдын алу, тәрбие және түсіндіру жұмыстарының тиімділігі қаншалықты болмақ? Бұл күрес «тесік шелекке су құйғанмен» бірдей болып қалмай ма деген сұрақ туындайды.

Жалпы халық арасында «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» деген жақсы тараған бір сөз бар. Бүгінде осы сөзді сәл өзгертіп айтсақ, жарнаманың көкесін «Facebook» желісіне кіргенде көресің деуге толық негіз бар.

Үшіншіден, қоғамда ашық талқылауға ыңғайсыз болғанмен назардан тыс қалдыруға болмайтын маңызды мәселе бар. Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде урологиялық сипаттағы өнімдерге ерекше назар аударылып, жыныстық функцияға, ерлер денсаулығына әсер ететін құралдармен қатар, гормоналды препараттар, салмақ төмендетуге арналған өнімдер, иммунитетті арттыруға бағытталған қоспаларды медициналық білімі жоқ тұлғалар тарапынан ашық әрі белсенді түрде жарнамалау кең таралған құбылысқа айналып отыр.

Бұл өнімдер кейде «табиғи», «қауіпсіз», «дәрігерсіз-ақ шешім» деген ұранмен ұсынылады. Алайда оның салдары қандай болатыны, азаматтың денсаулығына қандай қауіп төндіретіні ескерілмейді. Ертең бір азамат осындай жарнамаға сеніп денсаулығына зиян келтірсе, соның жауапкершілігін кім көтереді деген сұрақ туындайды. Миллион қаралым жинаған жарнама авторы ма, әлде тағы да қарапайым халық өз мәселесімен өзі қалуы тиіс пе?

Құрметті Олжас Абайұлы! Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, келесіні ұсынамыз:

1) «Meta», «TikTok» және өзге де платформалармен бірлесіп, Қазақстан аумағында тыйым салынған және қоғамға қауіпті жарнамалардың алгоритм арқылы таралуына жол бермеу бойынша нақты келісімдерге қол жеткізу;

2) әлеуметтік желілерде адамның еркінен тыс есірткі, жезөкшелік, онлайн-казино және порнографиялық сипаттағы пайда болатын жарнамалардың таралуын автоматты түрде анықтап, жедел бұғаттайтын нақты бақылау механизмдерін енгізу;

3) медициналық білімі жоқ тұлғалардың адам денсаулығына тікелей әсер ететін өнімдерді жарнамалауына шектеу қою, ал мұндай жарнаманың салдарынан азаматтардың денсаулығына зиян келген жағдайда өнімді жарнамалаған тұлғаның да жауапкершілігін қарастыру қажет.

Құрметті әріптестер, бұл мәселелерді айналып өтуге немесе жеңіл қабылдауға болмайды, себебі әңгіме тек жарнама туралы емес, әңгіме халықтың қауіпсіздігі, денсаулығы және қаржылық әл-ауқаты туралы болып отыр.

Депутаттық сауалға заңда көрсетілген мерзімде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттары және депутаттар Д. Қыдырәлі, А. Нұғманов, Ғ. Сарыбаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову.

«Уважаемый Олжас Абаевич! Наш запрос касается темы совершенствования системы медицинского освидетельствования водителей для определения состояния алкогольного, наркотического и (или) токсикоманического опьянения.

Сегодня такая процедура фактически проводится только в государственных медицинских организациях с лабораториями. Возможности этой системы объективно ограничены. Показательный пример: в городе Алматы при населении свыше двух миллионов человек фактически работают лишь две государственные лаборатории, куда доставляются все лица с подозрением на состояние опьянения.

Сложившаяся модель чрезмерно централизована и порождает системные, процессуальные и, конечно же, коррупциогенные риски.

Во-первых, по сути, сложилась монополия на проведение таких исследований. Отсутствие альтернативы снижает доверие к выводам экспертизы и создает почву для злоупотреблений.

Во-вторых, удаленность и перегруженность лабораторий приводят к значительным временным потерям: человек часами находится в уязвимом процессуальном положении, а сотрудники полиции несут несоразмерные затраты времени и ресурсов. В результате страдает и эффективность правоохранительной системы.

В-третьих, у граждан фактически отсутствует возможность выбора учреждения либо прохождения независимой повторной проверки, что ограничивает право на защиту.

В-четвертых, высокая нагрузка и не всегда достаточная оснащенность отдельных лабораторий создают риски нарушений методик отбора, хранения и анализа проб, а также процессуальных ошибок при оформлении материалов, что может сказываться на их устойчивости в суде.

Отдельно отмечаем, что структура употребления психоактивных веществ давно вышла за рамки только алкогольного опьянения. На практике мы сталкиваемся с синтетическими, комбинированными и токсическими веществами, включая так называемые «соли», препараты и химические соединения. Их выявление требует более широких лабораторных возможностей, чем это обеспечивает нынешняя система, и мы об этом тоже ранее говорили.

При этом в стране существует развитая сеть частных лабораторий, оснащенных современным оборудованием и квалифицированными специалистами. Однако этот потенциал сегодня практически не используется.

Важно, что расширенное исследование может и должно проводиться за счет самого лица, в отношении которого оно осуществляется, без дополнительной нагрузки на бюджет, при одновременном расширении процессуальных гарантий.

В этой связи предлагаем.

Первое. Внедрить модель медицинского освидетельствования с использованием аккредитованных частных лабораторий с включением их в единый реестр наряду с государственными.

Второе. Закрепить механизм допуска, аккредитации и процессуального признания их заключений, а также возможность самостоятельного выбора людьми лаборатории и проведения повторной проверки.

Третье. Определить порядок реализации этой модели, включая вопросы финансирования, без дополнительной нагрузки на государственный бюджет.

Убеждены, что эти меры повысят доверие к процедуре освидетельствования, снизят коррупционные риски и укрепят защиту прав граждан.

О результатах рассмотрения депутатского запроса просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

С уважением, депутаты Ж. Асанова, С. Ершов, М. Кожаев, Н. Ниязова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Депутаттар қаңтар айының басында өңірлерді аралау аясында Алматы және Жетісу облыстарына жұмыс сапарымен барып, жергілікті тұрғындармен кездесті. Кездесулер барысында әлеуметтік-экономикалық, ауыл шаруашылығы, инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелер көтеріліп, талқыланды.

Еліміздің аграрлық саясатының басым бағыттарының бірі ауылдағы жеке қосалқы шаруашылықтар. Соңғы жылдардағы деректерге сәйкес ел халқының шамамен 37 пайызы ауылдық жерлерде тұрады. Аталған азаматтардың едәуір бөлігі үшін қосалқы шаруашылықтар жүргізу тек өзін-өзі жұмыспен қамтудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар өмір сүрудің негізі, дәстүрлі өмір салтын сақтаумен қатар ауыл шаруашылығы өнімінің 38 пайызын өндіру арқылы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етудің көзі болып табылады.

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес Қазақстанда 1,6 миллионнан астам жеке қосалқы шаруашылықтар тіркелген. Олар еліміздегі еттің 47 пайызын, сүттің 64 пайызын, картоптың 43 пайызын және жұмыртқаның 35 пайызын өндіреді, яғни елде өндірілетін жалпы өнімнің жартысы құқықтық мәртебесі толық айқындалмаған шаруашылықтардың үлесінде. Алайда аталған саланың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығына қарамастан жеке қосалқы шаруашылықтар мен бау-бақша шаруашылықтарын толыққанды қамтитын, құқықтық қатынастарды бір жүйеге келтіретін дербес әрі кешенді заң жоқ.

2021 жылы Үкімет деңгейінде заң жобасы әзірленіп, қоғамдық және мүдделі органдар арасында талқыланып, Мәжіліске енгізілген. Алайда 2022 жылы заң жобасы қабылданбай, кейіннен қайтарылды.

Қолданыстағы құқықтық нормалар әртүрлі заңдар мен кодекстерге шашыраңқы енгізілген. Дербес заңның болмауы салдарынан көптеген өзекті мәселелер туындап отыр.

1. Құқықтық мәртебенің анық болмауы салдарынан шаруашылықтар кәсіпкерлік қызмет ретінде қаралмайды.

2. Қосалқы шаруашылықтарға арналған жер учаскелерінің көлемі аз. Қосымша жайылым мен шабындық жерлерді алу заңнамалық тұрғыда қарастырылмаған.

3. Мемлекеттік бағдарламалар, субсидия, жеңілдетілген несие қолжетімсіз. Банктер тіркелмеген немесе кепілсіз шаруашылықтарға несие беруден бас тартады.

4. Өндірген өнімін нарыққа тікелей жеткізу мүмкіндіктері шектеулі, арадағы делдалдардың үлесі жоғары.

5. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатында есептеледі. Олардың басым бөлігі зейнетақы аударымдары мен әлеуметтік сақтандыру төлемдерін жасамайды, сол себепті әлеуметтік кепілдіктерге ие емес.

6. Ауылдық жерлерде санитарлық тәртіптің жүйесіздігі эпидемиологиялық қауіптердің артуына алып келуде.

7. Ветеринарлық бақылау, өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптары төмен деңгейде.

Ауыл тұрғындарының басым бөлігі бүгінде мал мен егін шаруашылығынан бас тартып, тұтынушы рөлін атқаратын болып, әртүрлі қосымшалар (Arbuz.kz, Wolt, Яндекс) арқылы тапсырыс бере салатын жағдайға жеттік. Егер ауыл тұрғындары егін екпесе, мал шаруашылығымен айналыспаса, келешекте ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемі төмендеп, қалаға қоныс аудару үдерісі басым болады.

Шетел тәжірибесіне қарайтын болсақ, Ресейде жеке қосалқы шаруашылықтар өнімін еркін сатуға құқылы, салықтан босатылған және мемлекеттік қолдау тетіктері бар. Беларусьте 2 гектарға дейін жер беріледі, салықтан босатылған, жеңілдетілген несие қарастырылған. Еуропалық одақ елдерінде «Отбасылық ферма» қарастырылған, субсидия алады, есептілік жүргізу міндетті болып табылады.

Қазақтың болмысы мен тамыры тереңге жайылған қасиетті мекені – ауыл. Жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту бұл жай ғана ауылдық отбасыларды қолдау емес, елдің азық-түлік тәуелсіздігін нығайтудың стратегиялық шарасы болып табылады.

Құрметті Олжас Абайұлы! Жоғары айтылған өзекті мәселені назарға ала отырып, ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту, саланың тиімді дамуы мен құқықтық мәртебесін реттеу және оларды қолдау құралдарын жеке дербес заңда жазу қажет.

Аталған мәселелерге Үкімет тиісті назар аударып, кешенді өзгерістер жасап, жүйелі шешімдер қабылдау керек.

Құрметпен Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің депутаттары және депутаттар Ғ. Сарыбаев, А. Есбай». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Наш депутатский запрос адресован Заместителю Премьер-Министра – Министру национальной экономики Республики Казахстан Жумангарину.

«Уважаемый Серик Макашевич! В рамках рабочей поездки в Павлодарскую область мной были проведены встречи с сельхозтоваропроизводителями, а также обсуждение текущей ситуации в сфере производства, хранения и реализации овощной продукции с представителями акимата области.

В ходе указанных встреч был детально рассмотрен вопрос планируемого введения временного запрета на вывоз свежей и охлажденной моркови с территории Республики Казахстан.

По итогам 2025 года в Павлодарской области морковь убрана на площади 5 тысяч гектаров, валовой сбор составил 165 тысяч тонн. При этом годовая потребность населения области составляет всего лишь 17 тысяч тонн, что свидетельствует о многократном превышении объемов производства над внутренней потребностью региона.

На 1 октября 2025 года в овощехранилища области было заложено 120 тысяч тонн моркови, на текущий момент в наличии имеется 112 тысяч тонн, без учета личных подсобных хозяйств.

В ходе посещения овощехранилищ и встречи с сельхозтоваропроизводителями установлено, что часть продукции уже начинает терять товарные качества.

С учетом того, что морковь относится к скоропортящейся продукции со сроком хранения от 4 до 6 месяцев, дальнейшее ограничение каналов реализации объективно ведет к утрате части урожая и прямым финансовым потерям производителей.

Вместе с тем в ходе обсуждения с участием акимата области и сельхозтоваропроизводителей было отмечено, что значительные объемы моркови законтрактованы для обеспечения семи регионов страны. Указанные объемы, предназначенные для внутреннего рынка, будут храниться в установленном порядке и не подлежат вывозу за пределы Республики Казахстан.

Таким образом, предметом беспокойности являются исключительно излишки продукции, не охваченные контрактацией, реализация которых при действующих ограничениях становится невозможной.

Сельхозтоваропроизводители также указывают на существенный разрыв между отпускной и розничной ценой. В настоящее время морковь реализуется хозяйствами по цене 80 тенге за килограмм, тогда как для конечного потребителя стоимость достигает 180 – 200 тенге.

Данный ценовой разрыв формируется не на стадии производства, а в цепочке посреднического оборота, что дополнительно усугубляет положение фермерских хозяйств и требует системного вмешательства со стороны уполномоченных государственных органов.

По оценке сельхозтоваропроизводителей и представителей акимата области, введение запрета на экспорт в текущих условиях создает риски массовых убытков, невозможности исполнения кредитных и лизинговых обязательств, а также фактического разорения хозяйств, специализирующихся на выращивании моркови, с последующими социальными последствиями для сельских территорий.

Уважаемый Серик Макашевич! С учетом изложенного считаем необходимым рассмотреть целесообразность отмены запрета на вывоз моркови за пределы Республики Казахстан, а также принятие альтернативных, более гибких механизмов регулирования,

обеспечивающих баланс между интересами внутреннего рынка и экономической устойчивостью сельхозтоваропроизводителей.

Одновременно представляется обоснованным поручить уполномоченным органам, в том числе Министерству торговли и интеграции, принять меры по выравниванию ценовой ситуации и сокращению необоснованных посреднических надбавок.

С уважением, депутаты Айткенов, Нухулы».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Өсімдіктер дүниесін қорғау – еліміздің экологиялық қауіпсіздігі мен табиғи тепе-теңдігін қамтамасыз ететін стратегиялық маңызды бағыт.

Флора оттегін өндіру, топырақты эрозиядан сақтау, климаттық тепе-теңдікті қолдау, су режимін реттеу сияқты экожүйелік қызметтерді атқарады. Сонымен қатар ол ауыл шаруашылығы, фармацевтика, медицина мен халықтың денсаулығы үшін аса құнды ресурс.

Қазақстан флорасы әлемдегі ең бай экожүйелердің бірі: елімізде 13 мыңнан астам өсімдік түрі, оның ішінде 5,5 мыңдай жоғары сатыдағы өсімдіктер, шамамен 1 мың қына мен мүк, 2 мыңнан астам балдыр және 5 мыңға жуық саңырауқұлақ бар. Жоғары сатыдағы өсімдіктердің 14 пайызы эндемиктер, ал оңтүстік өңірлерде бұл көрсеткіш 41 пайыздан асады.

2022 жылғы деректер бойынша 400-ге жуық сирек өсімдік түрі жойылу қаупіне жақын болса, 1 мың 406 дәрілік өсімдік анықталып, оның ішінде 65 өсімдік Қызыл кітапқа енгізілген.

2023 жылы қабылданған «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заң саланы жүйелі реттеудің құқықтық негізін қалыптастырды. Алайда қабылданып жатқан шешімдердің сапалы болуы үшін ғылыми деректердің өзектілігі мен толықтығы аса маңызды. Бүгінде флораны түгендеу жұмыстары ондаған жылдар бойы жаңартылмағанын ескерсек, геоботаникалық зерттеулердің 62 пайызы 2000 жылға дейін жүргізілгендіктен олар өзектілігін жоғалтқан. Бұл жайылымдардың деградациясын, шөлейттену үдерістерінің күшеюін және өсімдік жамылғысының жұтандануын уақытылы анықтауға кедергі келтіріп отыр.

Топырақ зерттеулерінің де жағдайы алаңдатады. Бұрын 113 миллион гектарда жүргізілген топырақ іздестіру жұмыстары бүгінде ескірген. Соңғы 10 – 15 жылда бонитировка небәрі 45 миллион гектарда ғана орындалған.

Республикада 90 миллион гектардан астам жер эрозияға ұшыраған, оның ішінде жел эрозиясы 24 миллион гектарға жетіп, ауыл шаруашылығы жерлерінің 11 пайызын қамтып отыр.

Өндірістік қалдықтардың жинақталуы да флораның табиғи ареалдарына орасан залал келтіруде. Қазіргі таңда 31,6 миллиард тонна қалдық жинақталса, жыл сайын оған тағы 1 миллиард тонна қосылуда. Мұндай техногендік жүктеме топырақты улап, өсімдіктердің табиғи таралу аймақтарын қысқартуда. Сонымен бірге ботаника, экология және биотехнология салаларында маман тапшылығы байқалса, ғылыми инфрақұрылым –

зертханалар, тұқым банктері, фитохимиялық өңдеу орталықтары жеткілікті деңгейде дамымаған.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Үкіметтен:

өсімдіктер дүниесін түгендеу, геоботаникалық зерттеулер мен топырақ іздестіру жұмыстарының деректерін жаңарту үшін бірыңғай ұлттық ақпараттық жүйе құруды;

2000 жылдан бері жаңартылмаған геоботаникалық және топырақ зерттеулерін толық көлемде қайта жүргізуге бағытталған кешенді мемлекеттік бағдарлама әзірлеуді;

эрозияға ұшыраған 90 миллион гектар жерді қалпына келтіру және алдын алу шараларын күшейту үшін қосымша тетіктер енгізуді;

31,6 миллиард тонна өндірістік қалдықтардың өсімдіктер дүниесіне әсерін азайту мақсатында экологиялық мониторинг пен қадағалау жүйесін реформалауды;

сирек және дәрілік өсімдіктерді заңсыз жинаудың алдын алу үшін бақылау тетіктерін күшейтіп, жауапкершілікті арттыру бағытында шаралар қабылдауды;

өсімдік ресурстарын өңдеу (фитохимия, биопрепараттар, фармацевтика) саласын дамыту үшін ғылыми және өндірістік инфрақұрылымды кеңейтуге мемлекеттік қолдау көрсетуді;

орталық және жергілікті органдар арасындағы үйлестіруді күшейту мақсатында өсімдіктер дүниесін қорғау жөніндегі бірыңғай үйлестіруші орган немесе орталық құруды сұраймыз.

Құрметпен Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жексенбай Бибиғүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне.

«Құрметті Олжас Абайұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Түркістан» газетіне берген сұхбатында: «Газет-журналдар бүгінгі уақытта қайта өрлеу дәуірінің алдында тұр. Әсіресе дәстүрлі баспасөздің рөлі артты, өйткені ақпараттық кеңістіктегі қысқа форматтағы хабарлар адам ойлау қабілетіне зиян тигізеді. Сондықтан халқымыз мағыналы, мазмұнды ақпаратты бағалауы тиіс», – деп атап өтті.

Президенттің бұл ұстанымы дәстүрлі баспасөзді, соның ішінде аудандық және жергілікті газеттерді ұлттық ойлау мәдениетінің, тарихи жадының және құқықтық сабақтастықтың маңызды институты ретінде сақтаудың өзектілігін айқындайды.

Халықаралық тәжірибе, аудандық және жергілікті баспасөз архивтерін сақтау мен цифрландырудың көптеген мемлекеттерде ұлттық маңызы бар стратегиялық бағыт ретінде қарастырылатынын көрсетеді. Атап айтқанда, АҚШ-та Конгресс кітапханасы мен Ұлттық гуманитарлық қор бірлесіп іске асыратын Chronicling America жобасы аясында тек 1836 – 1922 жылдар аралығында жарық көрген 20 миллионнан астам газет беті цифрландырылып, 3 мыңнан астам жергілікті басылым бірыңғай ұлттық платформаға жинақталған. Жоба федералдық бюджет пен штаттық гранттар есебінен тұрақты түрде қаржыландырылады.

Ұлыбританияда British Newspaper Archive жобасы аясында 40 миллионнан астам газет беті, оның ішінде өңірлік және аудандық басылымдар толық сақталып, цифрлық форматта қолжетімді.

Франция мен Германияда өңірлік газеттердің тарихи қорының 95 – 100 пайызы орталықтандырылған түрде сақталып, бірыңғай техникалық стандарт бойынша цифрландыру жүргізіледі.

Қазақстандағы ахуал алаңдатарлық сипат алып отыр. Ресми деректерге сәйкес айтылып жүрген мәселелерге байланысты соңғы үш жылда 600-ден аса газет пен журналдың қағаз нұсқасы жабылған. Бұл үрдіс ең алдымен аудандық және жергілікті газеттерге тән болып отыр. Ал дәл осы басылымдарда жарияланған материалдар көптеген өңірлер үшін баламасы жоқ тарихи, құқықтық және әлеуметтік дереккөз болып табылады. Қағаз нұсқалардың жабылуы мен редакциялардың таратылуы архивтердің жүйесіз жойылу қаупін күшейтіп, бірқатар проблемалардың қалыптасқанын көрсетеді.

Біріншіден, редакциялардың жабылуы немесе жекешелендірілуі кезінде газет архивтері мемлекеттік есепке алынбай, тиісті қабылдау-тапсыру актілерінсіз қалып отыр. Нәтижесінде ондаған жылдар бойы жинақталған тарихи материалдар толық немесе ішінара жоғалуда.

Екіншіден, бірыңғай ұлттық цифрлық қордың болмауы. Қазіргі таңда аудандық газеттердің толық электрондық базасы жоқ. Архив материалдары облыстық архивтерде, редакцияларда, жеке тұлғалардың қолында шашыраңқы сақталады, ал олардың қолжетімділігі мен сақталу сапасы әрқелкі.

Үшіншіден, құқықтық тәуекелдердің өсуі. Жылдар бойы жергілікті атқарушы және өкілді органдардың көптеген нормативтік және құқықтық шешімдері тек аудандық газеттерде жарияланған. Бұл архивтердің жоғалуы азаматтардың құқықтарын дәлелдеуге, сот және жер-мүлік дауларына, сондай-ақ мемлекеттік шешімдердің заңдылығын растауға тікелей кері әсерін тигізуі мүмкін.

Төртіншіден, тарихи-мәдени мұраның жойылу қаупі. Аудандық газеттер бүкіл бір дәуірдің шынайы шежіресі, өңірлердің әлеуметтік, демографиялық және мәдени дамуын айқындайтын бірегей дереккөз болып табылады. Бұл қорлардың жоғалуы ұлттық тарихи жадтың үзілуіне әкеледі.

Бесіншіден, мемлекеттік деңгейде бірыңғай саясаттың болмауы. Архивтерді қабылдау, сақтау және цифрландыру тәртібі өңірлерде әртүрлі жүзеге асырылуда. Жауапты уәкілетті орган, бірыңғай стандарт және тұрақты қаржыландыру тетігі нақты айқындалмаған.

Аудандық және жергілікті баспасөз архивтері:  
ғылыми және қолданбалы тарихи зерттеулер үшін;  
өңірлік әлеуметтік-экономикалық талдау жүргізу үшін;  
демографиялық және көші-қон үдерістерін зерделеу үшін;  
мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалау үшін;  
журналистика, өлкетану және архивтану салалары үшін аса маңызды бастапқы дереккөз болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметінен төмендегі нақты шараларды және өлшенетін индикаторларды қарастыруды сұраймыз.

Біріншіден, барлық облыстар бойынша аудандық және қалалық газеттер архивтеріне толық инвентаризация жүргізіп, архивтердің нақты саны, сақталу жағдайы, цифрлық форматтағы көлемі туралы ресми есеп дайындау.

Екіншіден, аудандық баспасөз архивтерін сақтау, цифрландыру және мемлекеттік архивтерге тапсырудың бірыңғай ұлттық стандартын бекіту, тіпті арнайы заңдарға толықтырулар енгізуді қарастыру.

Үшіншіден, АҚШ-тың және Ұлыбританияның үлгісінде Қазақстан Республикасының Біртұтас цифрлық аудандық баспасөз архивін құру жөнінде пилоттық жобаны да қарастыру.

Төртіншіден, бірыңғай электрондық іздеу жүйесін құруға арналған жеке бюджеттік бағдарлама немесе мақсатты грант көздерін айқындау мүмкіндігін қарастыру.

Құрметті Олжас Абайұлы! Аудандық газеттер архивтерін сақтау – бұл тек өткенді тіркеу емес, ұлттық тарихи жадымызды, құқықтық мұрамызды және өңірлердің даму сабақтастығын келер ұрпаққа аманаттау. Сондықтан жоғарыда баяндалған мәселелер бойынша заң шеңберінде жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Б. Жексенбай, Д. Қыдырәлі, А. Нұғманов, Ғ. Сарыбаев, А. Сатвалдиев, Г. Шиповских».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ  
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

**МАЗМҰНЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**  
**2026 жылғы 15 қаңтар**

**Күн тәртібі бойынша**

О повестке дня ..... 1

**Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Жоғары білім беру саласындағы біліктілікті тану туралы Азия-Тынық мұхиты өңірлік конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде**

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Азиатско-Тихоокеанской региональной конвенции о признании квалификаций в области высшего образования», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі**  
**Ә.Қ. РАХМЕТОВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по социально-культурному развитию и науке  
РАХМЕТОВОЙ А.К. .... 1

**Сөз сөйлегендер:**

Выступили:

АРУБАЕВ С.Қ. .... 2  
ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. – Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі, вице-министр науки и высшего образования Республики Казахстан ..... 3  
ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. .... 3  
ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. .... 4  
ОРЫНБЕКОВ Б.С. .... 4  
ҚАНИЕВ Б.Н. .... 5  
ЕШЕНҚҰЛОВ Т.І. .... 5  
РҮСТЕМОВ Р.Р. .... 6

**«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын сайлау туралы**

Об избрании депутатов Сената Парламента Республики Казахстан в состав совместной комиссии Палат Парламента Республики Казахстан по проекту Конституционного закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституционный закон Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» ..... 7

<b>Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	7
<b>Депутат Е.А. БОЛЬГЕРТТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата БОЛЬГЕРТА Е.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	9
<b>Депутат А.К. ӨТЕҒҰЛОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата УТЕҒУЛОВА А.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	10
<b>Депутат Ғ.Т. САРЫБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата САРЫБАЕВА Ғ.Т. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	12
<b>Депутат Г.Г. ШИПОВСКИХТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ШИПОВСКИХ Г.Г. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	13
<b>Депутат Ж.Б. АСАНОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата АСАНОВОЙ Ж.Б. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	15
<b>Депутат С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБИНОВА С.М. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. ....	16
<b>Депутат Е.Н. ӘЙТКЕНОВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі С.М. Жұманғаринге депутаттық сауалы</b> Депутатский запрос депутата АЙТКЕНОВА Е.Н. к Заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан – Министру национальной экономики Республики Казахстан Жумангарину С.М. ....	17

**Депутат С.Қ. АРУБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата АРУБАЕВА С.К. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. .... 19

**Депутат Б.Н. ЖЕКСЕНБАЙДЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі О.А. Бектеновке депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Бектенову О.А. .... 20

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева